

CAF

CENTRAL ASIA FASHION

POST-SHOW REPORT

9.03.2026 - 11.03.2026
Алматы, Қазақстан

37 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘН КӨРМЕСІ SPRING-2026

*More than
just an exhibition!*



КӨРМЕ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстанның ең ірі қаласы — Алматыда Орталық Азия өңіріндегі сән индустриясының жетекші іс-шарасы - **37-ші Central Asia Fashion Spring-2026** Халықаралық сән көрмесі сәтті өтті.

CAF көрмесінің негізгі міндеті — оларға әлемнің жетекші өндірушілерінің 2026 жылғы Көктем-Жаз маусымына арналған жаңа топтамаларын алғашқылардың бірі болып көруге мүмкіндік беру, тұтынушылар үшін өзекті маусымдық ассортиментті қалыптастыру, сондай-ақ киім, аяқ киім және аксессуарлардың ірі жеткізушілерімен байланыс орнату және нығайту.

КӨРМЕНІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ

- Әйелдер киімдері
- Ерлер киімдері
- Балалар киімі
- Аяқ киім
- Спорттық киімдер
- Джинсалық киімдер
- Іш Киімдер & Купальниктер
- Шұлық-ұйық бұйымдары
- Бас Киімдер & Шарфтар
- Сыртқы киімдер, Былғары, Тері
- Кешкі, Ұлттық Киімдер
- Трикотаж
- Үлкен Өлшемді киімдер
- Аксессуарлар & Сөмкелер



көрме тек сала мамандары үшін




12 ҚАТЫСУШЫ-ЕЛ


- ✓ АВСТРИЯ
- ✓ ГЕРМАНИЯ
- ✓ ҮНДІСТАН
- ✓ ИТАЛИЯ
- ✓ КАЗАҚСТАН
- ✓ ҚЫТАЙ
- ✓ МОНҒОЛИЯ
- ✓ БАӘ
- ✓ РЕСЕЙ
- ✓ ТҮРКИЯ
- ✓ ӨЗБЕКСТАН
- ✓ ФРАНЦИЯ

12 ЕЛДЕН КЕЛГЕН 213 ҚАТЫСУШЫ

ҚАТЫСУ ДИНАМИКАСЫ БЕС МАУСЫМ



ЭКСПОНЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫСУ ДИНАМИКАСЫ БЕС МАУСЫМ



9 657 КЕЛУШІ

SPRING-2026 МАУСЫМЫНДА
КӨРМЕГЕ **9** ЕЛ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ
54 ҚАЛАСЫНАН БАЙЕРЛЕР КЕЛДІ



- Германия
- Қазақстан
- Қытай
- Қырғызстан
- Ресей
- Тәжікстан
- Түркия
- Түркменстан
- Өзбекстан

сайттағы көрме туралы толығырақ ақпарат
www.fashionexpo.kz

organizer
сатехро

Көрмелер аясында көрмеге қатысушылардың сән топтамаларын көрсету үшін арнайы SHOW AREA аймағы ұйымдастырылды. Көктем мезгілінде сән брендтерінің **56** топтамасы ұсынылды.



КОММЕРЦИАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРІ БОЙЫНША



ЖАРНАМАЛЫҚ НАУҚАН

- ✓ **450-ден астам порталдар мен сайттарда** көрме жарнамасын орналастыру
- ✓ Көрменің жарнамалық баннерлері **әлемнің 30 елінде**
- ✓ Көрме туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде ресми сайттарда және ақпараттық серіктестердің әлеуметтік желілерінде және жаңалықтар порталдарында орналастыру және ілгерілету
- ✓ PR, аудио және бейне жарнамалар
- ✓ Сыртқы жарнама
- ✓ Экспоненттің қатысуы туралы хабарландыруды ақпараттық тарату
- ✓ Көрменің мақсатты аудиториясын тарту бойынша өңірлік және халықаралық агенттіктермен ынтымақтастық
- ✓ www.fashionexpo.kz ресми сайтының мақсатты аудиториясы - айына **120 000** пайдаланушы
- ✓ Instagram @centralasiafashion ресми парақшасының оқырмандар саны **19 000-нан** асады
- ✓ Орталық Азия байерлерін шақыру бойынша call-орталықтың жұмысы
- ✓ Іс-шараны мамандандырылған басылымдарда жариялау
- ✓ Кең ауқымды маркетингтік digital компания көрмеге дейін және кейін

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

@centralasiafashion

@centralasiafashion_

fashionexpo.kz

fashionexpo

@CATEXPO_bot

CATEXPO



БАЙЕРЛІК БАҒДАРЛАМА

CATEXPO көрме компаниясы байерлерді қолдау және қызықтыру үшін бірегей бағдарлама ұйымдастырды. Бағдарламаның беретін мүмкіндіктері:


- ✓ Ұйымдастырушының есебінен қонақ үйде тұру (4*);
- ✓ Жол шығынын өтеу;
- ✓ Сән көрсетілімдерін тегін көру.

Spring-2026 маусымының байерлік бағдарламасына **4 460** аймақтық байерлер қатысты



БИЗНЕС-БАҒДАРЛАМА

Central Asia Fashion бизнес-конференциясы көптеген маусымдар бойы көрменің ең қызықты әрі пайдалы қосымша бөліктерінің бірі болып келеді. Fashion-индустрия мамандары панельдік пікірталастар мен дәрістер барысында қаржы, маркетинг, сату және сән трендтері жөнінде өзекті ақпарат алады. Spring-2026 маусымында Show area алаңында **5 сараптамалық сессия және 1 дәріс** өтіп, онда **түрлі елдерден келген 32 сарапшы** сөз сөйледі. Бизнес-конференцияның жүргізушісі, «PROfashion» медиахолдингінің іскерлік бағдарламалар жетекшісі Наталья Миронова бағдарламаны fashion-бизнесітегі e-commerce мәселелеріне, негізгі қаржылық және маркетингтік стратегияларды талдауға, сондай-ақ Қазақстандағы люкс сегментінің қазіргі жағдайына қатысты маңызды тақырыптар негізінде құрастырды. Алдағы маусымдардың трендтері туралы бизнес-конференция аясында Trendsite агенттігінің макро-трендтер жөніндегі маманы, филология ғылымдарының кандидаты, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дың Креативті индустриялар орталығындағы трендтерді болжау курсының авторы, Ресейдің және Гонконг, Үндістан, Жапония секілді шетелдік жоғары оқу орындарының шақырылған лекторы **Станислав Зимин** де сөз сөйледі. Ол CAF үшін эксклюзивті түрде әрі Орталық Азияда алғаш рет болашақ маусымның сәндегі негізгі бағыттарын, материалдарын, түстік шешімдері мен пішіндерін қамтитын **«AW-26/27 трендтері»** атты кең ауқымды дәріс өткізді.



«STYLE SESSION» ИМИДЖ-СТИЛИСТТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Әр маусым сайын **«Style Session»** имидж-стилистер қауымдастығының өкілдері көрсететін көріністер CAF көрмесіне келушілердің шынайы қызығушылығын тудырады. 2026 жылғы көктемгі маусымда бағдарлама «Бір сағаттық стилист» атты кәсіби сатып алуды сүйемелдейтін ерекше форматты және сән трендтері, бренд елшілері, сатылымға арналған капсулалық ассортимент және басқа да тақырыптар бойынша **10 шеберлік сабағын** қамтыды.

